

Г.Т.Абдуллина, А.У.Анарбаева

*Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан
(E-mail: gulzhan-abdullina-4@mail.ru)*

Заттық-дамытушы ортаның балаларды әлеуметтендірудегі орны

Мақалада А.Данашеваның еңбегі негізге алынды. Өз зерттеуінде авторлар заттық-дамытушы ортаның баланың дамуына тиімді ықпалымен қатар, орта арқылы баланы әлеуметтендіру үрдісін де қарастырған. Заттық-дамытушы ортаның барлық компоненттері мазмұны, көлемі, көркемдік шешімі бойынша өзара байланысты. Балабақшаның заттық-дамытушы ортасына түрлі заттарды, әлеуметтік шынайы объектілерді қосуға болады. Мұндай орта балаларға өте қажет, өйткені бәрінен бұрын оларға ақпараттық қызмет атқарады — қоршаған ортадағы әрбір зат белгілі мәліметтерді береді, әлеуметтік тәжірибені берудің құралы болып табылады.

Кілт сөздер: заттық-дамытушы орта, көңіл-күй, сезім, ақыл-ой дамуы, жеке ерекшелік, әлеуметтендіру, заттық орта, балабақша, рухани даму, дене дамуы.

«Балалар сұлулық әлемінде, яғни ойын, ертегі, ән, сурет, қиял және шығармашылық әлемінде, өмір сүруі керек. Бұл әлем баланы қоршап алуы қажет...», — деп В.Сухомлинский айтқандай, мектепке дейінгі жастағы балалардың қалыпты дамып, жетілуі үшін қажетті дамытушы ортаны қалыптастыру керек.

Заттық-дамытушы орта — педагогикалық үрдісті жүзеге асыруға қажетті уақыт пен кеңістік жағынан жүйелі ұйымдастырылған, қажетті заттармен, ойын құралдарымен жабдықталған эстетикалық, психологиялық-педагогикалық шарттардың жиынтығы. Бұндай ортада бала белсенді танымдық, шығармашылық іс-әрекетке қосылады, қызығушылығы дами түседі, қиялы, ақыл-ой және бейнелік қабілеттері, қарым-қатынас жасау дағдысы дамиды, ең бастысы, үйлесімді тұлға дамуы жүзеге асады.

Дамытушы орта баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, оны бойына сіңіруіне септігін тигізеді, мектеп жасына дейінгі балаға өз қабілеттерін сезіну және қолдануға мүмкіндік береді, өз қабілетін, шығармашылық шешімдер қабылдай алу дағдыларын дамытады.

Заттық-дамытушы орта баланың түрлі әрекеттерін қамтамасыз етеді, жеке белсенді әрекетінің негізін қалайды. Дегенмен де, мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекеті ретінде ойын жетекші рөл атқарады. Ойындар балаларды мектепте оқуға даярлайды, әр адамға қажетті жеке сапалық көрсеткіштердің алғашқы баспалдағы болып табылады. Ойын әрекетін ұйымдастыруда, қарым-қатынас мәдениетін жүйелеуге қажетті баланың шығармашылық қиялын қалыптастыруда заттық-дамытушы орта ерекше орын алады. Оның мазмұны ойынның сипатына, таңдалуына және рөлдердің бөлінуіне ықпал етеді:

- мектепке дейінгі мекемедегі заттық-дамытушы орта;
- мектепке дейінгі білім беру — адамның үздіксіз білім алу жүйесіндегі алғашқы баспалдақ.
- мектепке дейінгі білім берудің сапасы, білім беру қызметтерінің сапасы көптеген шарттармен қамтамасыз етіледі. Оның ішінде рационалды, мақсатқа бағытталған шарттар заттық дамытушы ортаны мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыруды міндеттейді.

Мектеп жасына дейінгі балаға дамытушы заттық орта не үшін қажет? Жеке дамуындағы нақты кезеңдердегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін. Жинақталған орта жағдайындағы іс-әрекет балаға белсенділігін, қоршаған ортаны еркін тануға деген қызығушылығын, танымын шығармашыл бейнелеуге деген ынтасын қалыптастырады.

Бұл кеңістіктің көлемі мен ұйымдастырылуы баланың жас ерекшеліктерімен байланысты. Заттық-дамытушы орта тәрбиешіге не үшін қажет? Мектепке дейінгі баланың жеке және жалпы дамуын жүзеге асырудағы тәрбиешіге өте сапалы көмекші құрал болып табылады. Дамытушы орта балалардың алуан түрлі және мақсатқа бағытталған белсенді әрекеттерінің көптеген мүмкіндіктерін жүзеге асыру мақсатында құрылады. Балалардың әрекеттерін ұйымдастыруда арнайы кеңістік ретінде тәрбиешіге қызмет көрсетеді, тәрбиелеу үдерісіне ықпал етеді [1].

Тәрбиешінің қызметі заттық-дамытушы ортаны және оның құралдарын пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі баланың өз бетінше оған табиғатынан тән қасиеттерін анықтауға және дамытуға көмектесу болып есептеледі. Сондықтан мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық белсенділігін өзіндік дамыту және білім алуы жүзеге асатын дамытушы ортаны ұйымдастыруға балабақшада ерекше көңіл бөлінеді.

Тәрбиеші арнайы құрастырылған заттық-дамытушы ортада тәрбиелеу және білім беру үдерісін ұйымдастырудың түрлі әдіс-тәсілдерді, формаларын пайдалануы қажет. Тәрбиешінің мақсаты: мектепке дейінгі мекемедегі тәрбиеленуші дамуының әрбір кезеңінде жеке шығармашылығын қалыптастыруды жүзеге асыру үшін заттық-дамытушы ортаны көп кезеңді, көп қызметті етіп құрастыру.

Тәрбиешінің міндеттері:

- заттық-дамытушы ортаны қажетті құраммен толтыру және құрастыру;
- баланың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін, өз бетінділігін және шығармашылығын қалыптастыруда заттық-дамытушы ортаны ұтымды пайдалануға жағдай жасау.

Тек осы мақсат-міндеттер орындалған кезде ғана, мектеп жасына дейінгі баланың қалыпты дамуын, шығармашылық белсенділігін қамтамасыз етуге деген мүмкіндік артады.

Мектепке дейінгі балалардың тұлғасының дамуы негізгі құралдардың бірі — орта. Орта — баланың жаңа білім мен әлеуметтік тәжірибесінің көзі. Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық кеңістіктегі орта мектепке дейінгі баланың белсенділігі ғана емес, өздігімен әрекетін, өздігінен білім алуын қамтамасыз етеді. Ересектер баланы өнерге баулығанда жеке тұлғаның эстетикалық және өнегелік жағынан дамуына, оның «ізгіленіп, өнерден бірлесіп ләззат алуына жағдайлар жасайды». Жеке тұлғаға бағдарланған үлгінің қағидалары мектепке дейінгі ұйымды дамытушы орта құрудың мына ұстанымдарын қамтиды:

- 1) аралықтар, өзара әрекеттестік кезіндегі орныққан орындары;
- 2) белсенділік, дербестік, шығармашылық;
- 3) тұрақтылық-ұтқырлық;
- 4) жинақылық пен оңтайлылық;
- 5) ортаның әсерлілігі, әр бала мен ересектің жеке жайлылығы мен сезім қолайлылығы;
- 6) ортаны эстетикалық тұрғыдан ұйымдастыруда үйреншікті және әдеттен тыс элементтерді үйлестіру;
- 7) ашықтық-жабықтық;
- 8) балалардың жыныстық және жас ерекшеліктерін ескеру.

Дамытушы ортаны құрудың зерттелген ұстанымдарын айта келе, авторлар мынадай тұжырым жасады: «Балалар мекемелерінде ортаны ұйымдастыру осы аймақпен тарихи байланысты фольклор элементтері бар сәндік-қолданбалы кәсіпшілік мәдениеттің аймаққа тән ерекшеліктеріне де негізделеді. Бұл, сөз жоқ, балалардың отаншылдығын, өзінің туған жері үшін мақтаныш сезімін, «шағын отан» туралы түсініктері мен оған деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыруға көмектеседі» [2].

Зерттеушілер Р.И.Куличенко, Р.М.Егорова РБА ЦСП-мен бірлесіп, ашық әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретіндегі мектепке дейінгі мекеме қызметінің тұжырымдамасын әзірледі. Авторлар мектепке дейінгі мекеменің ашық әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретіндегі негізі шағын қоғам жағдайларын барынша ескеріп, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдармен, отбасымен өзара ықпалдастықты қамтамасыз ету деп есептейді. Шағын қоғамдағы ашық әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретіндегі мектепке дейінгі мекеменің қызметі, авторлардың пікірінше, қоғам мен мемлекет тарапынан қорғалу мен көмек алу жөніндегі отбасы мен балалар құқықтарының жүзеге асуына ықпал жасау, әлеуметтік институт ретіндегі отбасының дамуы мен нығаюына, әлеуметтік саулық пен амандық көрсеткіштерінің көтерілуіне жәрдемдесу, қоғаммен және мемлекетпен, еңбек ұжымдары және қоғамды құйымдармен байланыстарды ізгілендіру, үйлесімді ішкі отбасылық қатынастарды орнату. Авторлар ұсынған тұжырымдама балабақшаның педагогикалық қызметін аудандық қоғам жағдайларына барынша бейімдеп, онда ортаның әлеуметтік институтымен өзара әрекеттестігі негізінде тәрбие әлеуетін құру, дербес негізде үйлестіруші және ұйымдастырушы тәрбие орталығын ұйымдастырушы және ықшам ауданның барша ортасын педагогикамен қамтамасыз етуге бағытталған. Алайда аталған тұжырымдамада балаға әлеуметтік тәрбие беруде айналадағы ортаның дәстүрлерін игеруге негізделген мәдениеттанушылық көзқарас жетіспейді [3].

О.В.Дыбина-Артамонованың зерттеуінде бұйымдық әлем әлеуметтік болмысты тану көзі ретінде қарастырылады. Автор: «Нақтылы іс-әрекет процесінде бұйымдық әлемнің тұрақты әсерінің арқасында бала ересектердің шығармашылық әрекеттерінің нәтижелері туралы білім беретін және қолдан жасалған дүниеге болжамды көзқарасты дамыту үшін түрткі болатын бұйымды ортаға ретроспективті көзқарасты игереді, — деп санайды. О.В.Дыбина-Артамонованың пікірі бойынша, осының бәрі баланың затты қалай жетілдіріп, әдемі, пайдалы етуге болатыны жайында ойлану қабілетін қалыптастыру үшін жағдай жасайды. «Заттар әлемін» осылайша игерудің баланың тұлғалық жағын дамыту, бұйымдық әлемге шығармашыл көзқарасын ояту үшін зор маңызы бар. Баланың ойынды қажетсінуі ойыншықтардың алуан түрлері арқылы, еңбекте жұмыс құралдары арқылы қанағатандырылады. Адамның табиғи қажеттіліктері оның тұрмыс-тіршілігі үшін керек болатын заттар: ыдыс-аяқ, жиһаз, киім, аяқ киімдер, жеке бастың тазалығына қажетті заттар және т.б. арқылы қанағаттандырылуы мүмкін. Музыкалық аспаптар, суреттер, кітаптар, қолданбалы халық өнерінің туындылары — бұның бәрі баланың да, ересектердің де рухани және зияттық қажеттерін қанағаттандыруға көмектеседі. Сөйтіп, ғалым заттық әлем ақпараттық, сезімдік және реттеушілік қызмет атқарады да, балалардың бойында бұйымдар ересектердің шығармашылық әрекеттерінің жемісі деген ұғымды, «адам-бұйым» байланысы туралы түсінікті және әлеуметтік танымын қалыптастырады [4].

Әлеуметтендіру мәселесін көтерген О.Нұсқабаевтың ойынша, іс-әрекет өскелең ұрпақты әлеуметтендірудің негізгі саласы болып табылады. Өйткені кез келген адам, ең алдымен, еңбек үстінде өзінің өмір сүру ортасынында, өзін де өзгертеді деп көрсетеді. Бұдан заттық-дамытушы ортамен іс-әрекеті тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі шарты және қоғамның маңызды қызметі деп түсінуге болады. Мектепке дейінгі баланың әлеуметтенуі — тұлғаның қажетті өмір тәжірибесін жинақтап, қоғамдағы тәртіп нормалары мен ережелерін игеруі. Сондықтан баланы қоршаған орта құндылықтарға негізделген, мәдени бағытта құрылуы шарт.

Н.Крылова күрделі субмәдени кеңістікке қосылу баланың бойында өнерде, дінде, әлеуметтік қозғалыстарда, білім алуға мәдени сұхбатына демократиялық бағдарлардың қалыптасуына көмектеседі. Күрделі субмәдени кеңістікке ену балаға қарым-қатынастың демократиялық ұстанымдарын — ойлау икемдігі, кең көлемде мәдени білімдер мен қызығушылықтарды қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық министрлігінің 1998 жылғы 5 ақпандағы № 54 «Балалардың мектепалды даярлығының тұжырымдамасы мен бағдарламаларының жобаларын әзірлеу және апробациялау туралы» бұйрығына сәйкес «Мектепалды даярлық бағдарламасы» (5–6 жастағы балаларға арналған) (1998), «Балабақшада 5–7 жастағы балаларды мектепалды даярлау бағдарламалары» (1999) жарық көрді. 1999 жылғы 22 қарашадағы № 1762 бұйрыққа орай «Балаларды міндетті мектеп алдындағы даярлау мәселелері туралы» (1999) Қаулысы жарияланып, соған сәйкес оның Ережесі мен Тұжырымдамасы ұсынылып, «Отбасында және балабақшада баланы мектепке даярлау бағдарламасы» (2000) жасалды. Бағдарламалардың мақсаты — қазіргі өтпелі кезеңдегі, еліміз экономикалық қиыншылықтарды бастан кешіріп отырғанда, жас ұрпақты оқу-тәрбиелеу ісіне басты назар аударып, балаларды мектепалды даярлау.

«Кемпірқосақ» бағдарламасының мақсаты — әр баланың мектеп жасына дейінгі шақты көңілді әрі мазмұнды өткізуін қамтамасыз ету. Тәрбиенің әлеуметтік жағына «Бала әлемді тануда», «Бейнелеу іс-әрекеті», «Музыкалық қабілеттерді дамыту» деп аталған тарауларда көбірек көңіл бөлгенін атап өткен жөн. Бағдарламада өнердің әрқилы түрлеріне бағдарланудағы қайшылықтардың, жалпы көркем және әлеуметтік-мәдени тәрбиеге таяз көзқарастың орын алғанын бөліп көрсетуге болады. Дегенмен, қай бағдарлама болса да, баланы әлеуметтендіруде заттық-дамытушы ортаны құрудың педагогикалық талаптарға сәйкестігі болашақтың зерттеу проблемасы деп есептейміз.

Мақсатты ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде үлкен рөл атқарады. Дұрыс ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта балаларда қуаныш сезімін балабақшаға деген жағымды эмоциялық қарым-қатынасты, оған келуге деген тілекті шақырады, жаңа әсерлер және білімдермен байытады, белсенді шығармашылық әрекетті тудырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі баланың жеке басын және танымдық процестерін дамыту, қарым-қатынас дағдыларын және тұтастай алғанда айналадағы әлеммен әлеуметтік өзара іс-қимылын қалыптастыру баланың даму ортасын ұйымдастырумен тығыз байланысты. Заттық-дамытушы орта — бұл бала қызметінің материалдық объектілерінің жүйесі, оның рухани және физикалық дамуының

функционалдық үлгідегі мазмұны. Заттық ортаның негізгі элементтері — сәулетті-ландшафтық және табиғи-экологиялық объектілер; ойын және спорт алаңдары, олардың жабдықтары; баланың өсу барысына байланысты ірі ауқымдағы конструкторлармен (модульдермен), ойыншықтардың тақырыптық жинақтамаларымен, ойын материалдарымен, ойын жабдықтарымен жарақтандырылған ойын кеңістіктері; тәрбие мен оқытудың аудиовизуалдық және ақпараттық құралдары болып табылады [5].

Заттық-дамытушы орта мынадай психологиялық-педагогикалық өлшемдерге жауап беруге тиісті:

- баланың психикалық даму деңгейіне сәйкестігі;
- жүйелілігі;
- көп функциялылығы;
- баланың шамасына сай болуы;
- трансформациялануы;
- мазмұны бойынша және функционалдық міндеттері бойынша вариативтілігі.

Заттық ортаға қойылатын бастапқы талап — оның дамытушылық сипаты. Ол балабақша бөлмелерін, сондай-ақ учаскені заттық кеңістікте ұйымдастыру арқылы баланың мүдделері мен қажеттіліктеріне, ал олардың элементтері (құрал-жабдықтар, ойыншықтар, дидактикалық материал т.б.) баланың дамуына қызмет етуге тиіс.

Баланың ортасын дұрыс ұйымдастыру тәрбиелеу мен оқыту үдерісін даралауға мүмкіншілік береді.

Заттық-дамытушы орта келесі талаптарға сай болуы тиіс:

- жаңа құралдар мен өзгерістер енгізуге ашық және икемді болуы;
- тартымды, ақпаратқа бай, қызметі алуан түрлі;
- құралдар кіріктірілген сабақтың мазмұнына сәйкес және жан-жақты;
- ересектер мен балалардың бірігіп әрекеттесуіне лайықты ұйымдастырылуы қажет.

Баланы жан-жақты тәрбиелеу, оның дүниетанымын жетілдіру, заттық орта туралы түсінік ой-өрісін дамытып, еңбекке баулу балабақшалардағы барлық топтарға бірдей ортақ міндеттер. Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін кеңейтудің негізгі айналадағы ортамен табиғат құбылыстарын бақылату. Заттық орта жұмысында айналадағы қоғамдық өмір шындығын, табиғат тамшыларын бақылатып, баланың таным, сезім қабілетін жетілдіру басты роль атқарады. Балалармен арнайы өтілетін осы жұмыс барысында тәрбиеші әр заттың аты, сапасы, қажеттігі жайында түсіндіреді. Баланы заттың атын сөзбен айтуға үйретеді. Айналадағы қоғамдық өмір өлі, тірі табиғат құбылысын бақылатқанда да әр объектіні сөзбен атап, түсіндіріп, баланы заттық ортаға сөзбен қызықтырып, қабілетін дамыту көзделеді.

Дамытушы орта бала тәрбиелеуде ең маңызды факторлардың бірі болып табылады, сондықтан да дамытушы ортаны жабдықтаған да оны өзгертуге және толықтыруға болатындай етіп жабдықтаған дұрыс. Өйткені бала жылдам өседі, сондықтан да, ертеңіне ол орта баланың дамуына әсер бермейді, ал кейін оның дамуына кедергі келтіреді. 2 айдан соң дамытушы ортаны өзгертуді және толықтыруды қажет етеді, бұл практикада дәлелденді. Кішкентай сәбилер ірі ойын жабдықтарын ұнатады, сонымен қатар ол жабдықтар көзге тартымды, ашық түсті болғаны дұрыс. Топтағы дамытушы орта балаға сәт-түрлі іс-әрекет кездерінде сараптауға, ойлауға септігін тигізуші болып табылады. Балалардың саусақ моторикасын дамыту үшін арнайы ойыншықтарды пайдаланған жөн.

Дамытушы ортаны жобалағанда баланың жеке тұлғасына да аса көңіл бөлген жөн.

1. Баланың жеке тұлға ретіндегі іс-әрекетімен байланыстыру керек. Осы мақсатта топтарда сәбилердің жас ерекшеліктеріне сәйкес, әр түрлі белсенді іс-әрекеттерді атқаруға бірнеше орталықтар жасақталады:

- қимыл-қозғалыс орталығы;
- ойын әлемі;
- бейнелеу-шығармашылық орталығы;
- конструктивтік орталық.

2. Топта балалардың тынығып демалуына «тыныштық әлемі», немесе «оңашалану орталығын», ұйымдастыруға болады.

3. Мүмкіндігінше «жеке бұйымдар» орталығын ұйымдастыруға болады, яғни әр бала өзінің жеке затын сақтау үшін арнайы жер дайындау.

Дамыту ортасын ұйымдастырып жасақтауда бала дамуындағы маңызды ролі басшылыққа ала отырылып ұйымдастырылады және онда бала өзін еркін сезіне алуына, денсаулығына нұқсан келтірілмеуіне, дүниетанымын кеңейтуге қолайлы жағдай туғызуға аса көп мән беріледі. Ұйымдастырылған дамытушы орта ыңғайлы болуы керек және баланың айнала қоршаған әлеммен байланысын айқындатуына септігін тигізу керек [6].

Педагогтардың жасақтаған дамытушы орта модельдері педагогикалық ұжымның көп жылғы іс-тәжірибелері мен шығармашылық ізденістерінің нәтижесі болып табылады.

Мектепалды даярлықта балаларды ұлттық тәрбиеге баулуды дамытушы орта арқылы қалыптастыру тақырыбында біз дамытушы ортаны дұрыс қалыптастыру мақсатында мектепке дейінгі жастағы балаларды ұлттық тәрбиеге баулудың ерекшеліктерін зерттедік. Балалық шақта берілген білім бүкіл өмір бойына қалады және белгілі бір көзқарас қалыптасады. Тәрбиеші келешек Отанының патриот азаматын тәрбиелейтін болғандықтан, оған өз ұлтының салт-дәстүрлерін, ұлттық аспаптарын, халық ауыз әдебиетін, ою өрнек, нақыштарын, ұлттық кәсіпкерліктің қыр-сырлары жайлы біліммен таныстырады. Кез келген тәрбие бастауы баланың тілін дамытумен тікелей байланысты. Демек, халық ауыз әдебиетінің бұл жерде алар орны ерекше. Ол үшін балабақша топтарында дидактикалық материалдар орталығы, кітаптар бұрышы ұйымдастырылады. Бала бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін түрлі макеттерді, құралдарды, заманауи технологияларды пайдалануға болады.

Мектепке дейінгі мекемелердегі заттық ортаны ұйымдастыру әр тәрбиешінің шеберлігіне байланысты. Егер заттық ортаны қозғалмалы етіп ұйымдастырса, баланың қалауын есепке ала отырып, оның орнын ауыстырып отыруға болады. Ұлттық би элементтерін не ән, күйлерін таныстыру жұмыстарын арнайы ән-күй залында өткізер болса, онда құрал-жабдықтарды көшіру тиімді болмақ. Заттық-дамытушы ортаның тағы бір ерекшелігі — оның сан алуандығы. Кіші сәбилер тобынан бастап ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта ересек топқа дейін толықтырылып отырады. Тәрбиеші міндетті түрде сол топтағы тәрбиеленуші балалардың жас ерекшеліктерімен қатар, психологиялық ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын есепке алып отыру қажет. Себебі әр баланың мінез-құлық ерекшеліктеріне сәйкес сан түрлі шығармашылық істерге бейім болады. Тәрбиеші-педагог заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыруда міндетті талаптарға сүйеніп жұмыс жасауы қажет.

Балабақшаның әр түрлі жас топтарындағы заттық-дамытушылық ортаны ұйымдастыра отырып, педагогтар балалардың ойын әрекетін дамытудың кезеңдік ерекшелігін, тәрбиенің жеке тұлғалық-бағытталған моделі қағидасын есте ұстаулары керек. Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-дамытушылық орта белгілі талаптарға жауап береді: бұл, бәрінен бұрын, баламен тақырыпқа, ойын желісіне, сол немесе басқа ойыншықтарға, ойынның орны мен мерзіміне еркін жету. Сонымен бірге балалар белгілі оқыту бағдарламасы бойынша жұмыс жасайтын мектепке дейінгі ұйымда болатын сол жағдайды және мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктерін ескермеуге болмайды. Бұл мектепке дейінгі ұйымда балалармен ойнау құқығын жүзеге асыру үшін жағдайлар құрып, пайдалы ойындардың әр түрлі түрлерін ұйымдастыру үшін оны әмбебап заттық ойындық ортамен жабдықтап, ойын үшін қажетті барынша ыңғайлы күн тәртібіндегі уақыт емес, сонымен бірге ыңғайлы орын бөлу.

Мектепке дейінгі ұйымдардың топтарында заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру кезінде күрделі, көп жоспарлы және жоғары шығармашылық әрекет қажет. Себебі ойыншықтардың алуан түрлі болуы баланың дамуына негізгі жағдай болып табылмайды. Сондықтан тәрбиешілер топты дұрыс стандартты емес жабдықтау білуі керек.

Мақсатты ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде үлкен рөл атқарады. Дұрыс ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта балаларда қуаныш сезімін балабақшаға деген жағымды эмоциялық қарым-қатынасты, оған келуге деген тілекті шақырады, жаңа әсерлер және білімдермен байытады, белсенді шығармашылық әрекетті тудырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік береді [7].

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Данашева А.* Заттық-дамытушы ортаның ұйымдастырылу тәртібі // Бастауыш мектеп. — 2009. — № 10. — 14 б.
- 2 *Петровский В.А., Кларина Л.М., Смыгина Л.А., Стрелкова Л.П.* Построение развивающей среды в дошкольном учреждении. — М.: Новая школа, 1993. — 346 с.

- 3 Нұсқабаев О. Мектеп — жас ұрпақты әлеуметтендіру институты. — Алматы: Қазақстан, 1997. — 156 б.
- 4 Мудрик А.В. Социализация и смутное время. — М.: Просвещение, 1995. — 250 с.
- 5 Крылова Н. Детский сад — дом радости. — СПб.: Библиотека для воспитания, 1992. — 144 с.
- 6 Дыбина-Артамонова О.В. Предметно-пространственная среда: её роль в воспитании личности // Дошкольное воспитание. — 1995. — № 4. — С. 12.
- 7 Виноградова Н.А. Интерактивная предметно-развивающая среда детского сада: учебник. — М.: Перспектива, 2011. — 123 с.

Г.Т.Абдуллина, А.У.Анарбаева

Роль предметно-развивающей среды в социализации детей

В статье использованы исследования А.Данашевой. В последнее время к проблеме формирования предметно-развивающей среды обращаются многие авторы, раскрывающие её многообразие, системный характер, особенности и специфику, дидактические функции, культурологическую роль. В условиях реформируемой системы образования, особенно её дошкольного звена, средовой подход, его развитие и конкретизация в дошкольном образовательном учреждении приобретают особую значимость, поскольку образовательная предметно-развивающая среда является неотъемлемым базовым условием преодоления указанных противоречий.

G.T.Abdullina, A.U.Anarbaeva

The role of specialization-developing environment in the socialization of children

A.Danasheva's research was used in this article. Recently many studies have been done on the issue of specialization-developing environment, and they reveal its diversity, a systemic nature, characteristics and specificities, didactic function, cultural role. In the context of reforming the education system, especially its preschool level, «the environmental approach, its development and concretization in preschool educational institution acquires special importance as an educational subject-developing environment is an indispensable basic condition for overcoming these contradictions.

References

- 1 Danasheva A. *Elementary school*, 10, 2009, p. 14.
- 2 Petrovskiy V.A., Clarina L.M., Smyvina L.A., Strelkova L.P. *The construction developing environment in preschool*, Moscow: Novaya shkola, 1993, 346 p.
- 3 Nusqabaev O. *School is Institute of the socialization of the young generation*, Almaty: Kazakhstan, 1997, 156 p.
- 4 Mudrik A.V. *Socialization and troubled times*, Moscow: Prosveshchenie, 1995, 250 p.
- 5 Krylova N. *Kindergarten — a house happiness*, Saint Petersburg: Biblioteka dlya vospitaniya, 1992, 144 p.
- 6 Dybina-Artamonova O.V. *Pre-school education*, 1995, 4, p. 12.
- 7 Vinogradova N.A. *Interactive object-developing environment of kindergarten: textbook*, Moscow: Perspektiva, 2011, 123 p.